

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 631 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап . Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 237-құжат):

1) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаты үшін төменде көрсетілген терминдердің мынадай мәні бар:

автор - шығармашылық еңбегімен туынды жасаған жеке тұлға;

авторлық құқық - автордың мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары;

ЭЕМ-ге арналған бағдарламаны немесе деректер базасын бейімдеу - тек қана пайдаланушының нақты техникалық құралдарында немесе пайдаланушының нақты бағдарламаларының басқаруымен ЭЕМ-ге арналған бағдарламаның немесе деректер базасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын ЭЕМ-ге арналған бағдарламаға немесе деректер базасына өзгерістер енгізу;

дыбыс-бейнежазу туындысы - тиісті техникалық құрылғылардың көмегімен көріп және естіп (дыбыспен сүйемелденген жағдайда) қабылдауға арнап жазып алынған

өзара байланысты кадрлар немесе бейнелеулер серияларынан құралатын (дыбыспен сүйемелденетін немесе сүйемелденбейтін) туынды. Дыбыс-бейнежазу туындылары кинематографиялық туындыларды және бастапқы немесе одан кейінгі түсірілу әдісіне қарамастан кинематографияға ұқсас құралдармен бейнеленген туындылардың бәрін: теле- және бейнефильмдерді, диафильмдер мен слайдфильмдерді және сол сияқты туындыларды қамтиды;

деректер базасы - деректер (мақалалар, есептер, фактілер және сол сияқтылар) жиынтығы, ол деректер материалдардың іріктелуі және (немесе) орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын, сол деректер электрондық есептеу машинасының (ЭЕМ) көмегімен табылатындай және өңделетіндей етіп жүйеге түсірілген құрама туынды. Деректер базасының материалдарына электрондық кірудің жүзеге асырылуына мүмкіндік беретін ЭЕМ-ге арналған бағдарламаға деректер базасы деген ұғым қолданылмайды;

қайта шығару - туындылардың немесе сабақтас құқықтар объектілерінің бір немесе одан да көп тұрақты немесе уақытша даналарын кез келген әдіспен және кез келген нысанда, түгел немесе жартылай, тікелей немесе жанама түрде дайындау. Дыбыс-немесе бейнежазбаны дайындау, екі өлшемдік туындының бір немесе одан да көп үш өлшемдік даналарын дайындау, сондай-ақ туындыларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін кез келген материалдық нысанда кез келген уақытша немесе тұрақты сақтау қайта шығарудың түрлері болып табылады;

ЭЕМ-ге арналған бағдарламаны декомпиляциялау - ЭЕМ-ге арналған бағдарламаның құрылымын зерттеу және кодтау мақсатында объектілік кодты бастапқы мәтінге өзгертуді қамтитын техникалық тәсіл;

жалпы жұрттың назарына жеткізу - авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін көпшілік оларға өзінің жеке қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта (интерактивтік режимде) қол жеткізуді жүзеге асыра алатын сым немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы хабарлау;

жазу - дыбыстарды және (немесе) бейнелерді көп рет қабылдауға, қайта шығаруға немесе хабарлауға мүмкіндік беретін белгілі бір материалдық нысанда техникалық құралдардың көмегімен жазып алу;

дыбыс-бейнежазу туындысын шығарушы - осындай туындыны дайындаудың бастамасы мен жауапкершілігін мойнына алған жеке немесе заңды тұлға. Өзге дәлелдер болмаған кезде, осы туындыда есімі немесе атауы белгіленген тұлға дыбыс-бейнежазу туындысын шығарушы деп танылады;

санаткерлік меншік - шығармашылық қызметтің объектілендірілген нәтижелеріне меншік;

құқықтарды басқару туралы ақпарат - туындыны, туынды авторын, орындаушыны, орындаушының орындаушылығын, фонограмма жасаушыны, фонограмманы, туындыға, орындаушылыққа немесе фонограммаға немесе туындыны пайдалану

шарттары туралы ақпаратқа қандай да бір құқық иеленушісін теңдестіретін кез келген ақпарат. Сондай-ақ, осы ақпараттың кез келген элементі туындының, жазып алынған орындаушылықтың немесе фонограмманың данасына қоса берілген жағдайда немесе жазып алынған орындаушылықты немесе фонограмманы жалпы жұрттың назарына хабарлауға және/немесе жеткізуге байланысты пайда болатын ақпарат көрсетілген кез келген сандар мен кодтар ақпарат деп ұғынылады;

айрықша құқық - автордың немесе сабақтас құқықтар иесінің туындыны, орындаушылықты, фонограмманы, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарын осы Заңмен белгіленген мерзім ішінде өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалану жөніндегі мүліктік құқығы;

орындау - туындыны, фонограмманы, орындаушылықты, қойылымды, ойынды, әнді, биді тікелей орындап немесе қандай да болсын техникалық құралдардың (телерадио хабарлар, кабельдік теледидар және сол сияқтылар) көмегімен көрсету. Дыбыс-бейнежазу туындысының кадрларын реті бойынша дыбыспен сүйемелдеп немесе сүйемелдемей көрсету;

орындаушы - актер, әнші, музыкашы, биші немесе рөл ойнайтын, ән салатын, оқитын, мәнерлеп оқитын, музыкалық аспапта ойнайтын немесе әдебиет және/немесе өнер туындыларын (соның ішінде эстрадалық, цирк немесе қуыршақ нөмірлерін, халық шығармашылығының туындысын) қандай да бір басқа жолмен орындайтын өзге адам, сондай-ақ дирижер;

авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектісінің контрафактілік данасы - жасалуы, таратылуы немесе өзгеше пайдаланылуы осы Заңның ережелеріне сәйкес авторлық құқықтың және сабақтас құқықтардың не Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар ережелерінің бұзылуына әкеп соғатын туындының, жазылған орындаушылықтың, фонограмманың, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары хабарының данасы. Бұдан басқа, құқық иеленушінің рұқсатынсыз құқықтарды басқару туралы ақпарат жойылған немесе өзгертілген, немесе объектілерді қорғаудың кез келген техникалық әдістерін елемеуге мүмкіндік беретін кез келген заңсыз пайдаланылатын құралдардың көмегімен жасалған авторлық құқықтың және сабақтас құқықтардың объектілері контрафактілік болып танылады;

ЭЕМ-ге арналған бағдарламаны немесе деректер базасын түрлендіру (қайта өңдеу) - бейімделуге жатпайтын ЭЕМ-ге арналған бағдарламаның немесе деректер базасының кез келген өзгерістері;

айрықша емес құқық - авторлық құқық пен сабақтас құқықтар иесімен бірге бұған автордың тиісті рұқсатын алған басқа адамның осы Заңда белгіленген жағдайлардан басқа ретте туындыны пайдалана алатын құқығы;

туындыны жариялау - автордың келісімімен жариялау, көпшілікке көрсету, көпшілік алдында орындау, жалпы жұрттың назарына хабарлау арқылы және өзге де әдіспен туындыны көпшілікке алғаш рет қол жеткізетін іс-әрекетті жүзеге асыру;

жариялау - автордың немесе авторлық немесе сабақтас құқықтар объектілеріне өзге құқық иеленушінің келісімі бойынша туындының немесе фонограмманың даналарын көпшіліктің орынды қажеттіліктерін қанағаттандыратын көлемде меншік құқығын немесе туындының не фонограмманың данасын иелену құқығын сату, жалға беру немесе өзгеше беру арқылы көпшілікке ұсыну;

туындыны аудару - туынды шығарманы төлтума туындының тілінен басқа тілде білдіру. Аударма дұрыс және төлтума туындының мазмұнын да, стилін де бұзбайтын
б о л у ы т и і с .

эфирге беру - туындыларды, орындаушылықтарды, фонограммаларды, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын (кабельдік теледидарды қоспағанда) радио немесе теледидармен беру арқылы көпшілікке (көрсетуді немесе орындауды қоса) тарату. Туындыларды, орындаушылықтарды, фонограммаларды, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын жерсеріктері арқылы эфирге беру кезінде туындыларды, орындаушылықтарды, фонограммаларды, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын көпшіліктің нақты қабылдауына қарамастан жалпы жұрттың назарына жеткізу мүмкін болатын жердегі станциядан жерсеріктеріне сигналдарды қабылдау мен жерсерігінен сигналдар беру эфирге беру деп түсініледі. Кодталған сигналдарды беру, егер көпшілікке декодтау құралдарын эфирлік хабар тарату ұйымы берсе немесе оның рұқсаты бойынша берілсе
эфирге беру болып табылады;

эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының хабары - эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының өзі, сондай-ақ өз қаражаты есебінен оның тапсырысы бойынша басқа ұйым жасаған хабар;

туындыны қайта өңдеу - төлтума туындының бір жанрдан екінші жанрға өзгеруі. Төлтума туындыны сахналау, қою және оған аранжировка жасау туындыны қайта өңдеудің түрлері болып табылады;

құқық иеленуші - автордан басқа:
мұрагерлік немесе құқықтық мирасқорлық;

айрықша мүліктік құқықтарды беру туралы авторлық шарт жасасу нәтижесінде мүліктік құқықтарды иеленген кез келген (жеке немесе заңды) тұлға.

Сондай-ақ дыбыс-бейне туындысын жасаушы, фонограмма жасаушы, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымы да құқық иеленуші болып табылады;

мүліктік құқықтар берілген жеке немесе заңды тұлға;

автордан немесе орындаушыдан өзге жеке тұлға немесе осындай жеке немесе заңды тұлғаға бастапқыда мүліктік құқықтар берілген жағдайда - заңды тұлға;

ЭЕМ-ге арналған бағдарлама - машинада оқылатын материалдық жеткізгішке жазу кезінде, жаратылысы ЭЕМ-ге арналған бағдарлама тым кейінірек кезеңдегі нәтижесі болып табылатын дайындық материалдарын қоса алғанда, электрондық есептеу машинасының (ЭЕМ) белгіленген міндетке не нәтижеге жетуі қамтамасыз етілетін сөз,

сызба немесе бейнелеудің өзге де кез келген нысанында көрсетілген командалар
ж и ы н т ы ғ ы ;

сәндік-қолданбалы өнер туындысы - көркемдік кәсіпшілік туындысын немесе өнеркәсіптік әдіспен дайындалған туындыны қоса алғанда іс жүзінде пайдаланылатын заттарға көшірілген екі өлшемді немесе үш өлшемді өнер туындысы;

халық шығармашылығының туындысы - дәстүрлік көркемдік мұраларға (халық ертегілері, халық поэзиясы, халық әндері, халық аспаптық музыкасы, халық билері және пьесалар, халықтық дәстүрлердің көркемдік нысандары және басқалар) тән элементтерді қамтитын туындылар;

фонограмманы шығарушы - белгілі бір орындаушылықты немесе өзге де дыбыстардың тұңғыш дыбыс жазбасының бастамасы мен жауапкершілігін мойнына алған жеке немесе заңды тұлға. Өзге дәлелдер болмаған кезде, есімі немесе атауы сол фонограммада және (немесе) соның сыртындағы қорапта жазылған адам фонограмманы дайындаушы деп танылады;

туынды шығарма - бұрыннан бар басқа туындыны шығармашылықпен қайта өңдеу нәтижесінде жасалған туынды;

көпшілік алдында орындау - туындыны мәнерлеп оқу, ойын, би немесе қандай да бір өзге жолмен, соның ішінде техникалық құралдардың көмегімен (дыбыс-бейне туындысына қатысты кадрларды дыбыспен сүйемелдеу арқылы олардың ретімен көрсету) отбасы ортасына жатпайтын тұлғалар болатын немесе болуы мүмкін орындарда көрсету;

көпшілікке көрсету - туындының түпнұсқасын немесе данасын тікелей немесе слайд, кино-, экрандағы телекадр ретінде, басқа кез келген техникалық құралдың көмегімен немесе кез келген өзге әдіспен (дыбыс-бейнежазу туындысына қатысты - олардың жүйелілігінен тыс жеке кадрларды көрсету) отбасы ортасына жатпайтын тұлғалар болатын немесе болуы мүмкін орындарда көрсету;

спектакльді қоюшы-режиссер - театр, цирк, қуыршақ, эстрада спектаклін немесе өзге де спектакль (көрсетілім) қойылымын жүзеге асырған адам;

көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару) - хатқа түскен және басқа да жазба туындыларының түпнұсқаларынан немесе көшірмелерінен суретке түсіру жолымен немесе басып шығарудан өзге басқа да техникалық құралдар арқылы кез келген мөлшерде және нысанда бір немесе одан да көп данасын дәлме-дәл көшірме түрде қайта шығару. Репрографиялық қайта шығаруға аталып өткен көшірмелерді электрондық (сан көшірмелерін қоса), оптикалық немесе машинамен оқылатын өзге де нысанда сақтау немесе қайта шығару кірмейді;

жалға беру (жалдау) - туындының немесе фонограмманың данасын тікелей немесе жанама коммерциялық пайда табу мақсатында уақытша пайдалануға ұсыну;

жалпы жұрттың назарына хабарлау - бейнелерді немесе дыбыстарды немесе туындының, орындаушылықтың, фонограмманың бейнелері мен дыбыстарын, эфирлік

немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарын, бейнелер мен дыбыстарды отбасы ортасына жатпайтын тұлғалардың қабылдауына осындай бейнелер мен дыбыстар хабарлау жерінен хабарлаусыз қабылдауға қол жетпейтіндей жерден сонша алыс жерлерде қол жеткізуге мүмкін болатындай әдіспен сым немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы хабарлау, сондай-ақ туындыны, орындауды, фонограмманы көпшілік туындыға өзінің қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай етіп, жалпы жұрттың назарына жеткізу;

жалпы жұрттың назарына кабель бойынша хабарлау - туындыларды, фонограммаларды, орындаушылықтарды, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдары хабарларын жалпы жұрттың назарына кабель, сым, оптикалық талшықтар арқылы немесе солар сияқты құралдардың көмегімен хабарлау;

техникалық құрал - осы Заңмен берілетін кез келген авторлық немесе сабақтас құқықтарды бұзушылықтың алдын алуға немесе жолын кесуге арналған амалды, құрылғыны немесе бұйымды құрайтын бөлік болып табылатын кез келген құрылғы, б ұ й ы м н е м е с е қ ұ р а у ы ш ;

уәкілетті орган - авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласында қатынастарды мемлекеттік реттеу саласындағы өкілеттігі заң актілерімен, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленетін мемлекеттік орган;

фонограмма - орындаушылықтардың немесе өзге де дыбыстардың не дыбыс бейнелерінің кез келген тек қана дыбыстық жазбасы. Дыбыс-бейнежазба туындысына енгізілген дыбыстардың жазбасы фонограмма болып табылмайды;

туындының данасы - туындының кез келген материалдық нысанда дайындалған к ө ш і р м е с і ;

фонограмманың данасы - фонограммадан тікелей немесе жанама түрде дайындалған және сол фонограммада жазылған барлық дыбыстарды немесе дыбыстардың бөлігін қамтитын кез келген материалдық жеткізгіштегі фонограмма к ө ш і р м е с і " ;

2) 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "бірақ деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының аумағында" деген сөздермен толықтырылсын";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын немесе Қазақстан Республикасында тұратын жері бар авторлардың, олардың құқықтық мұрагерлерінің, сондай-ақ осы баптың алдыңғы ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес өзге де

тұлғалардың құқығы деп танылады.";
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес туындыға, егер ол Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттардың ережелері бойынша белгіленетін туындының шыққан елінде авторлық құқықтың осы елдегі белгіленген қолдану мерзімі бітуіне байланысты қоғамның игілігіне айналмаса және авторлық құқықтың қолдану мерзімі бітуіне байланысты Қазақстан Республикасында қоғамның игілігіне айналмаса қорғау беріледі.";

3) 6-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қандай да болсын материалдық объектіге меншік құқығын немесе иелену құқығын беру, осы Заңда көрсетілген реттерді қоспағанда, сол объектіде көрсетілген туындыға авторлық құқықтың ауысуына әкеп соға алмайды.";

4) 7-баптың 1-тармағының б) тармақшасында "(кино-, теле- және бейнефильмдер, диафильмдер және басқа да кино- және телетуындылар)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

5) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ғылым, әдебиет және өнер туындысына авторлық құқық оның жасалу дерегіне қарай туындайды. Авторлық құқықтың пайда болуы және жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу, туындыны өзге де арнайы ресімдеу немесе қандай да болсын шарттылықтың сақталуы талап етілмейді.

Автор және/немесе құқық иеленуші өздерінің айрықша мүліктік құқықтары туралы хабарлау үшін авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы, ол белгі туындының әр данасына қойылады және міндетті түрде мынадай үш элементтен т ұ р а д ы :

1) қоршауға алынған латынша "С" әрпі: (С);

2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы);

3) туындының алғаш жарияланған жылы.

Жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын куәландыру үшін автор, сондай-ақ құқық иеленуші туындыға айрықша мүліктік құқықтарын иеленетінін растау үшін авторлық құқықтың қорғалатын не тиісті шарттардың қолданылатын мерзімі ішінде кез келген уақытта оларды ресми тізілімдерге тіркеуге құқылы. Тіркеуді нормативтік құқықтық актілерде белгіленген ережелерге сәйкес уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Бір заңды немесе жеке тұлғалардың тауарларын (қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғалардың біртекті тауарларынан (қызметтерінен) ажырату үшін қолданылатын (арналған) туындылар авторлық құқық объектісі ретінде тіркелмейді.";

б) 10-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Тең авторлардың әрқайсысы өз атынан, соның ішінде, басқа тең авторлардың рұқсатын алмастан, олардың арасындағы келісімімен өзгеше көзделмесе, өз құқықтарын қорғауға байланысты осы Заңда және өзге де заң актілерінде көзделген шараларды қолдануға құқылы.";

7) 11-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Құрама туындыларға авторлық құқық

8) 12-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Туынды шығармаларға авторлық құқық;

9) 13-баптың 2-тармағында "дайындаушыға" және "дайындаушы" деген сөздер тиісінше "жасаушыға" және "жасаушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 14-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жұмыс беруші автормен жасасқан шарт бойынша өзіне тиесілі қызметтік туындыға мүліктік құқықтарды он жыл ішінде пайдаланбаған жағдайларда, жұмыс берушіге қандай да болсын өтемақы төленбестен мүліктік құқықтар туындының авторына немесе оның мұрагерлеріне ауысады.

5. Осы баптың ережелері осы Заңның 11-бабының 2-тармағында көрсетілген энциклопедияларға, ғылыми еңбектердің жинақтарына және басқа да мерзімді басылымдарға қолданылмайды.";

11) 16 - б а п т а :

2-тармақтың 2) тармақшасында "жалға өткізу" деген сөздер "прокатқа (жалға) беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Автор немесе құқық иеленушінің туындыны пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алуға құқығы бар, оның мөлшері мен есептелу тәртібі авторлық шартта, сондай-ақ авторлардың мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар жасайтын шарттарда белгіленеді.";

6-тармақ "автордың" деген сөзден кейін "және құқық иеленушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

12) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Авторлық сыйақының ең төменгі ставкалары

Мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру туындының сипатына немесе оны пайдалану ерекшеліктеріне (жұртшылық алдында, соның ішінде радио және теледидарда орындау, механикалық, магниттік немесе өзгеше жазу арқылы туындыны қайта шығару, көшірмелеу және басқа да жағдайларда) байланысты мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын белгілей алады.";

қазақ тіліндегі мәтінде баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бейнелеу өнер туындыларына қол жеткізу құқығы. Қолдану құқығы";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бейнелеу өнері туындысына меншік құқығының автордан басқа тұлғаға (өтемді немесе өтеусіз) ауысуы осы туындының бірінші сатылуын білдіреді.";

14) 18 - бапта :

баптың тақырыбында "автордың" деген сөзден кейін "немесе құқық иеленушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта "автордың" деген сөзден кейін "немесе құқық иеленушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 19 - бапта :

тақырыбында "автордың" деген сөзден кейін "немесе құқық иеленушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзацта "автордың" деген сөзден кейін "немесе құқық иеленушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада "суретке түсіру" деген сөздерден кейін "немесе кинематография" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Еркін кіріп көруге ашық орындарға тұрақты қойылған туындыларды еркін пайдалану

Туындыны бейнелеу осындай көшірмелеудің және жалпы жұрттың назарына хабарлаудың негізгі объектісі болатын немесе туындыны бейнелеу коммерциялық мақсат үшін пайдаланылатын реттерді есептегенде, еркін кіріп көруге ашық орындарға тұрақты қойылған сәулет, суретке түсіру, бейнелеу өнері туындыларын автордың немесе құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей көшірмелеуге және жалпы жұрттың назарына хабарлауға жол беріледі.";

17) 24-баптың 1-тармағында :

1) тармақшада "жұмыс істеуіне байланысты" деген сөздер "жұмыс істеуіне қажетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "жасауға" деген сөздерден кейін "немесе жасауды тапсыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"ЭЕМ-ге арналған бағдарламаны немесе деректер базасын бейімдеуді жүзеге асыруға . " ;

18) 25 - бапта :

бірінші абзацта :

"авторлық құқықтардың өзге де иесінің" деген сөздер "құқық иеленушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"таратуға" деген сөз "беруге"

2) тармақшада: "авторымен", "авторының" деген сөздерден кейін "немесе құқық иеленушімен", "немесе құқық иеленушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 26-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында аталған көшірмелеу үшін сыйақыны осындай көшірмелеу үшін пайдаланылатын жабдықтар мен материалдық жеткізгіштерді дайындаушы немесе импорттаушы тұлғалар төлейді.

Осындай жабдықтар мен материалдық жеткізгіштердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

20) 28-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес туындыны қорғаған кезде, авторлық құқықтың қолданылу мерзімі туындының шыққан елінде белгіленген мерзімнен аса алмайды (осы Заңның 5-бабының 4-тармағы).

Осы бапта көзделген мерзімдер мерзімінің өтуінің басталуына негіз болып табылатын заңдық факт осы Заң күшіне енгенге дейін 50 жылдан аспай тұрып орын алған барлық жағдайларда қолданылады.";

21) 29-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

22) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 16-бабында аталған автордың мүліктік құқықтары түгел немесе ішінара берілуі, сондай-ақ айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша немесе айрықша емес құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша пайдалану үшін берілуі мүмкін.

Мүліктік құқықтарды қалай да болсын басқаға беру автордың және мүліктік құқықтар берілетін тұлғаның (құқық иеленушінің) қолы қойылатын жазбаша шартпен ресімделуі тиіс.";

23) 32-бапта:

2-тармақта "бес жыл" деген сөздер "бір жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;

"алты ай" деген сөздер "үш ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта "құқықтары" деген сөзден кейін ", осы Заңның 14 және 33-баптарында көзделген жағдайларды есептемегенде," деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Электрондық нысанда жасалған туындылардың, соның ішінде ЭЕМ-ге арналған бағдарламаның және деректер базасының даналарын сату кезінде, сондай-ақ көптеген пайдаланушыларға оған кіруге рұқсат беру кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де шарт нысандары мен оларды жасасу тәртібін қолдануға болады.";

24) 36-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасында "эфирде немесе кабель бойынша берілетін хабарға" деген сөздер "эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының хабарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шетелдік жеке және заңды тұлғалардың сабақтас құқықтары, егер тиісті орындаушылық, фонограмма, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының

хабары Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттың ережелері бойынша анықталатын олардың шыққан елінде, сабақтас құқықтардың ол елде белгіленген қолдану мерзімінің өткеніне байланысты қоғамдық игілікке айналмаған болса, және Қазақстан Республикасында сабақтас құқықтардың қолдану мерзімі өткеніне байланысты қоғамдық игілікке айналмаған болса, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес танылады.";

25) 37 - бапта :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) орындаушының ар-намысына және/немесе қадір-қасиетіне нұқсан келтіре алатын кез келген бұрмалаудан немесе өзге де қолсұғушылықтан қорғау құқығы (беделін қорғау құқығы);

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мүліктік емес жеке құқықтар орындаушыға оның мүліктік құқықтарына қарамастан тиесілі және орындаушылықты пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарын берген жағдайда да олар өзінде сақталып қалады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орындаушының орындаушылықты пайдалануға айрықша құқықтары мынадай әрекеттерді :

1) бұрын жазылмаған орындаушылықты жазуды;

2) орындаушылықтың жазбасын кез келген нысанда тікелей немесе жанама көшірмелеуді ;

3) орындаушылықтың жазбасын пайдаланбай орындаушылықты эфирге беруді, көпшіліктің назарына кабель арқылы хабарлауды немесе көпшіліктің назарына жеткізуді ;

4) осы Заңның 39-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды есептемегенде, орындаушылықтың жазбасын эфирге беруді, жалпы жұрттың назарына кабель бойынша хабарлауды немесе жалпы жұрттың назарына жеткізуді;

5) орындаушының қатысуымен орындаушылық жазылған, коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмманы жалға беруді жүзеге асыруға рұқсат ету немесе тыйым салу құқығын ұғындырады .

Орындаушылықты фонограммаға жазу туралы шарт жасалған кезде бұл құқық фонограмманы шығарушыға ауысады. Бұл ретте орындаушы мұндай фонограмманың даналарын жалға бергені үшін сыйақы алу құқығын сақтап қалады.";

26) 38-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Фонограмманы пайдалануға айрықша құқықтар мынадай әрекеттерді:

1) фонограмманы тікелей және жанама түрде және кез келген нысанда көшірмелеуді ;

2) меншік құқығын сату немесе өзгеше беру арқылы фонограмманың түпнұсқасы

мен даналарын таратуды, сонымен бірге импорттауды;

3) фонограмманы шығарушы немесе оның рұқсаты бойынша жүзеге асырылып отырған таратудан кейін де оларды жалға беруді;

4) фонограмманы қайта жасауды немесе кез келген әдіспен өндеуді;

5) фонограмманы жалпы жұрттың назарына жеткізуді жүзеге асыруға рұқсат беру немесе тыйым салу құқығын білдіреді.";

27) 40 - бапта :

2 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Хабарды пайдалануға айрықша құқықтар мынадай әрекеттерді:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) хабарды эфирге беруді жүзеге асыруға рұқсат беру немесе тыйым салу құқығын ұғындырады;" ;

28) 41 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші абзацтағы "эфир хабарларын, кабель арқылы берілетін хабарларды" деген сөздер "эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші түзету қазақ тіліндегі мәтінде өзгеріссіз қалады;

1) тармақшада "эфирде немесе кабель арқылы берілген хабардан" деген сөздер "эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының хабарынан" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мұндай дәйектеме ақпараттық мақсатта жүзеге асырылатын жағдайда орындаушылықтан, қойылымнан, фонограммадан, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының хабарынан шағын үзінділер түрінде дәйектеме келтіруге жол беріледі. Бұл орайда, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмма даналарын эфирге беру, жалпы жұрттың назарына кабель арқылы хабарлау үшін немесе жалпы жұрттың назарына жеткізу үшін пайдалануының қандайы болса да осы Заңның 39-бабындағы ережелерді сақтаған жағдайда ғана мүмкін болады;" ;

4) тармақшада "әдебиет, ғылым" деген сөздер "ғылым, әдебиет" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 - тармақта :

"эфирге немесе кабель арқылы" деген сөздер "эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сондай-ақ фонограмманы" деген сөздерден кейін "тек қана" деген сөздермен толықтырылсын ;

3 - тармақта :

бірінші абзацта: "эфирге" деген сөз "эфирлік немесе кабельдік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"алты ай" деген сөздер "белгіленген" деген сөзбен ауыстырылсын;
"әдебиет, ғылым" деген сөздер "ғылым, әдебиет" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жалғыз данасын" деген сөздер "жазбасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 - тармақта:

"эфирге немесе кабель арқылы берілетін хабарды" деген сөздер "эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының хабарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"әдебиет, ғылым" деген сөздер "ғылым, әдебиет" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 42 - бапта:

1-тармақта "өзге де қолсұғушылықтан" деген сөздердің алдынан "орындаушының ар-намысына және/немесе қадір-қасиетіне нұқсан келтіруі мүмкін" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "алғашқы хабар таратуды" деген сөздер "жалпы жұрттың назарына алғашқы хабарлауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта "эфирде немесе кабель арқылы таратылған хабарларды" деген сөздер "эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Орындаушылықтарға, фонограммаларға, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларына сабақтас құқықтарын қолдану мерзімінің өтуі олардың қоғамдық игілігіне айналғанын ұғындырады.

Қоғамдық игілікке айналған сабақтас құқықтар объектілеріне қатысты осы Заңның 34-42-баптарының ережелерін ескеріле отырып, осы Заңның 29-бабының ережелері қолданылады."

31) 43-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Екі немесе одан артық құқықтарды ұжымдық басқару ұйымдарының бірдей мүліктік құқықтарды бір санаттағы құқық иеленушілердің мүдделерінде, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін бірдей пайдалану тәсілдерімен жүзеге асыруы жол берілмейді. Ондай ұйымдарды тікелей авторлар, құқық иеленушілер немесе сабақтас құқық иеленушілер құрады және олар құрылтайшы құжаттарына, берілген өкілеттігі мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мүліктік авторлық және сабақтас құқықтарын ұжымдық негізде басқаруға алған лицензияларына сәйкес әрекет етеді."

32) 47 - бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

2-тармақ алынып тасталсын.

2. "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999

ж . , N 19 , 655 - қ ұ ж а т) :

1) 2 - б а п т а :

2-тармақшада "Қазпатенттің" деген сөз "уәкілетті органның" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақшада "Қазпатенттің" деген сөз алынып тасталсын;

10 - т а р м а қ ш а д а :

"азаматтар" деген сөз "Қазақстан Республикасының азаматтары" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган және сарапшылық ұйым" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 3 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) селекциялық жетістіктерді қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысады, селекциялық жетістіктерге патенттер беруге өтінімдер қабылдайды, өзіне заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды атқарады. Селекциялық жетістіктерге сараптама жүргізуді, Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізуді және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді жариялауды уәкілетті органның бағынысындағы сарапшылық ұйым (бұдан әрі - сарапшылық ұйым) жүзеге асырады";

5 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктегі "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) 4 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "патент беруге" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөліктегі соңғы сөйлем алынып тасталсын;

4) 5 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Селекциялық жетістікке өтінім";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық жетістікке өтінім сарапшылық ұйымға беріледі.";

екінші және үшінші бөліктегі "патент алуға" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінде "Қазпатентте" деген сөз "уәкілетті органда" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"патент алуға" деген сөздер алынып тасталсын;

1) тармақшадағы "патент беру" деген сөздер "сараптама жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық жетістікке жасалған өтінімге сарапшылық ұйымның сараптама жүргізу жөніндегі қызметіне ақы төленгенін растайтын құжат қоса тіркеледі. Төлемнің мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Ақы төленгені туралы құжаттар ұсынылмаған жағдайда өтінім берілмеген деп танылады.";

4-тармақта "патент алуға" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақта "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 6 - б а п т а :

2-тармақшадағы "патент алуға" деген сөздер "селекциялық жетістікке" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Қазпатенттің" деген сөз "сарапшылық ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 7 - б а п т а :

"Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "патент алу туралы өтініш пен селекциялық жетістік сауал-сұрағынан тұратын" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай мерзім өткен соң сарапшылық ұйым ол бойынша алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында оларға қойылған талаптарды орындауға қажетті құжаттардың бар болуын тексереді, өтінім берілген күн және өтінімде оны берген күннен бұрынырақ басымдық сұраудың негізділігін анықтайды. Патент беруге өтінімге алдын ала сараптама екі ай мерзімде жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда өтінім беруші өтінім құжаттарына өтінім берілген селекциялық жетістіктің мәнін өзгертпей өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде түзетулер мен нақтылаулар енгізуге құқылы.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Алдын ала жүргізген сараптамадан оң нәтиже алынған жағдайда, сарапшылық ұйым өтінімнің және селекциялық жетістіктің сауалнамасының көшірмелерін тиісті мемлекеттік комиссияға өтінімдерді одан әрі қарау үшін жібереді.";

5-тармақта "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Алдын ала жүргізілген сараптаманың нәтижесінде одан әрі қарау туралы шешім қабылданған өтінім туралы мәліметтерді сарапшылық ұйым өтінім берілген күннен

бастап 18 ай өткеннен кейін бюллетеньде жариялайды. Өтініш берушінің өтінуі бойынша өтінім материалдары көрсетілген мерзімнен бұрын жариялануы мүмкін.";

8) 1 0 - б а п т а :

тақырыбы "және селекциялық жетістікке патент беру" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың үшінші және төртінші бөліктері алынып тасталсын;

4, 5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сорт, тұқым патент қабілеті талаптарына сай келген жағдайда, мемлекеттік комиссия сорттың, тұқымның ресми сипаттамасын жасайды.

5. Мемлекеттік комиссия сараптаманы өткізгеннен кейін өтінім беруші уәкілетті органға селекциялық жетістікке патент беру туралы өтініш береді. Өтінішке мына құжаттар қоса тіркеледі:

1) мемлекеттік комиссияның оң тұжырымы;

2) селекциялық жетістікке берілген өтінімнің көшірмесі;

3) істі өкіл арқылы жүргізген жағдайда - сенімхат.

6. Өтінім беруші осы баптың 5-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін уәкілетті орган оны қарайды және селекциялық жетістікке патент беру туралы немесе патент беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Патент беру салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж төленгеннен кейін және уәкілетті органға төлемді растайтын құжат ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.";

"7. Өтінім беруші патент беруден бас тарту туралы шешімге оны алған күннен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Апелляциялық кеңес қарсылықты ол түскен күннен бастап үш ай мерзімде қарауға тиіс.

Өтінім беруші апелляциялық кеңестің шешіміне ол шешімді алған күннен бастап алты ай мерзім ішінде сотқа шағымдана алады.

8. Өтінім беруші сараптаманың барлық қарама-қарсы қойылған материалдарымен таныса алады. Сарапшылық ұйым немесе мемлекеттік комиссия өтінім берушіге оған сұрау салуды алған күннен бастап бір ай мерзімде сұратылатын материалдардың көшірмелерін жібереді.";

9) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган патент иеленуші болып табылмайтын, Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген селекциялық жетістіктің авторына оның авторлығын растайтын ресми куәлік береді.";

10) 13-баптың 3) тармақшасындағы:

"патент беруге" деген сөздер "селекциялық жетістікке" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне селекциялық жетістік тіркелген кезге дейін" деген сөздер "селекциялық жетістікке патент беру туралы шешім қабылдаған сәтке дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 1 4 - б а п т а ғ ы :

3 - т а р м а қ т а :

3) тармақша алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бастапқысынан көрінеу ерекшеленуімен:

генотипті немесе бастапқы селекциялық жетістіктің генотиптерінің комбинациясын айқындайтын негізгі белгілерін бұл ретте сақтай отырып, бастапқы селекциялық жетістіктің немесе бастапқы селекциялық жетістіктің маңызды белгілерін өзі тұқымға алатын селекциялық жетістіктің неғұрлым маңызды белгілерін тұқымға алатын;

бастапқы сорттан, тұқымнан жеке іріктеу, индукцияланған немесе соматоклонды мутанттарды іріктеу сияқты әдістерді қолданудан туындаған ауытқуларды, кері шағылыстыру және гендік инженерияны қоспағанда генотипке немесе бастапқы селекциялық жетістік генотиптерінің комбинациясына сәйкес келетін селекциялық жетістік басқа (бастапқы) селекциялық жетістіктің белгілерін елеулі түрде тұқым қуалайтын селекциялық жетістік болып есептеледі;"

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

12) 16-бап "мұра" деген сөзден кейін "немесе құқықтық мирасқорлық ретінде" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 18-баптың 4-тармағында "Қазпатентте" деген сөз "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 19-бапта "Қазпатентке", "Қазпатентте" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органға", "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 21-баптың 2-тармағында "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 22-бапта "Қазпатент", "Қазпатентке" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 7) 2 5 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 8) 2 6 - б а п т а :

1-тармақта "Қазпатент ресми бюллетень шығарады, онда:" деген сөздер "Бюллетеньде селекциялық жетістіктерді тіркеуге қатысты мәліметтер жарияланады:" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінім туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін кез келген адам өтінім материалдарымен танысуға құқылы.";

19) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Шет елдерде селекциялық жетістіктерді патенттеу

Өтінім беруші Қазақстан Республикасы селекциялық жетістіктерді қорғау туралы екі жақты немесе көпжақты халықаралық шартпен байланысы бар басқа мемлекеттің құзырлы органына селекциялық жетістікті қорғауға алғашқы өтінім беруге құқылы.

Өтінім беруші өзі алғашқы өтінім берген мемлекеттің құзырлы органы оған қорғау құжатын бергенін күтпей-ақ басқа мемлекеттердің құзырлы органдарына өтінім бере алады.

Селекциялық жетістіктерге құқықтарды Қазақстан Республикасының шегінен тыс қорғауға байланысты шығындарды өтінім беруші өтейді."

3. "Қазақстан Республикасының патент заңы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 718 - құжат):

1) 1 - бапта:

1) тармақта "Қазпатент", "шығарып тұратын" деген сөздер алынып тасталсын;

9) тармақта:

"азаматтар" деген сөз "Қазақстан Республикасының азаматтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган мен сарапшылық ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 1-тармағында "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган және сарапшылық ұйым

1. Уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады, өнеркәсіптік меншік объектілеріне өтінімдерді қабылдайды, қорғау құжаттарын береді, оған заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

2. Өнеркәсіптік меншік объектілеріне сараптама жүргізуді, қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектілерінің Мемлекеттік тізілімдерін жүргізуді және өнеркәсіптік меншік объектілері туралы мәліметтер жариялауды уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сарапшылық ұйым (бұдан әрі - сарапшылық ұйым) осы Заңның шеңберінде жүзеге асырады." ;

4) 5 - бапта:

3-тармақта "Қазпатентке", "Қазпатент" деген сөздер алынып тасталсын;

4 - тармақта:

"ұсынылған" деген сөзден кейін "және өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілерінің тізбесінде келтірілген" деген сөздермен толықтырылсын;

"ұсынылуы мүмкін" деген сөздер "пайдаланылуы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-баптың 3-тармағында:

"Қазпатентке" деген сөз алынып тасталсын;

"өтінім беру" деген сөздер "қорғау құжаттарын алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 11 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Патент иеленуші қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға ерекше құқығын осы қорғау құжатын беру туралы мәлімет ресми бюллетеньде жарияланған күннен бастап қорғау құжатының қолдану кезеңінде жүзеге асырады.";

3-тармақтың екінші бөлігінде "олардың" деген сөз "патент иеленушілердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"өнертабысқа", "өнертабыс" және "өнертабысты" деген сөздер тиісінше "өнеркәсіптік меншік объектісіне", "өнеркәсіптік меншік объектісі" және "өнеркәсіптік меншік объектісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші түзету қазақ тіліндегі мәтінінде өзгеріссіз қалады;

6-тармақта "Қазпатентте" деген сөз "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Патент иеленуші қорғау құжатын күшінде ұстау үшін салық заңнамасымен белгіленген мөлшерде және тәртіппен жыл сайын ақы төлеген жағдайда қорғау құжаты күшін сақтайды." ;

7) 13 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"жасап," деген сөзден кейін "адал" деген сөзбен толықтырылсын; "оның" деген сөз "осындай пайдаланудың" деген сөздермен ауыстырылсын; қазақ тіліндегі мәтінде "тегін" деген сөздің алдынан "оны" деген сөзбен толықтырылсын ;

3-тармақта "Қазпатентке" деген сөз алынып тасталсын;

8) 14 - б а п т а :

4 және 5-тармақтарда "Қазпатентте", "Қазпатентке" деген сөздер "уәкілетті органда", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Лицензиялық шарт жасалған жағдайда, қорғау құжатын күшінде ұстау үшін ақы осы шарт жасалған жылдан кейін келесі жылдан бастап толық көлемде жүргізіледі.";

9) 15 - б а п т а :

2-тармақтың 2), 3) тармақшалары "бұзушының", "қорғау құжатын" деген сөздердің алдынан тиісінше "қорғау құжаттарын беру туралы мәліметтерді алғашқы жариялаған күннен бастап" деген сөздермен толықтырылсын;

қазақ тіліндегі мәтінінде 4) тармақшасы "талап етуге" деген сөздерден кейін "құқылы." деген сөзбен толықтырылсын;

қазақ тіліндегі мәтінінде 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді алғаш жариялаған күннен бастап,

азаматтық айналымға енгізілетін немесе осы мақсатта сақталатын және қорғау құжатын бұзушы деп танылған өнімдерді, сондай-ақ қорғау құжатын бұзуға арнайы арналған құралдарды өз пайдасына алып қоюды;"

казак тіліндегі мәтінінде б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"кімнің құқығы бұзылғаны туралы мәліметтерді енгізе отырып, орын алған құқық бұзушылық туралы міндетті түрде жариялауды талап етуге құқылы.";

10) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Қорғау құжатын беру туралы өтінім

Қорғау құжатын алуға өтінімді уәкілетті органға осы Заңның 10-бабының 1-тармағына сәйкес қорғау құжатын иелену құқығы бар адам (бұдан әрі - өтінім беруші) береді. Қорғау құжатын беру туралы өтінім мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріледі.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) сарапшылық ұйымның оң тұжырымы;
- 2) өнеркәсіптік меншікке берілген өтінімнің көшірмесі;
- 3) іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда - сенімхат.";

11) 17 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Өнертабысқа өтінім".

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өнертабысқа өтінім сарапшылық ұйымға беріледі. Өнертабысқа өтінім бір өнертабысқа немесе өзара байланыстылығы өнертапқыштық бір ойды құрайтын өнертабыс тобына қатысты болуға тиіс (өнертабыс бірлігінің талабы).";

2 - тармақта :

1) тармақшада "қорғау құжатын беру" деген сөздер "сараптама жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнертабысқа өтінімге сарапшылық ұйымның сараптама жүргізу қызметіне ақы төленгенін растайтын құжат қоса тіркеледі. Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Төлем туралы құжаттар тапсырылмаған жағдайда, өтінім берілмеген болып есептеледі.";

3 - тармақта :

"Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорғау құжатын беру" деген сөздер "сараптама жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 18 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Пайдалы модельге өтінім"

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Пайдалы модельге өтінім сарапшылық ұйымға беріледі. Пайдалы модельге өтінім бір пайдалы модельге немесе өзара байланыстылығы өнертапқыштық бір ойды құрайтын пайдалы модельдер тобына қатысты болуға тиіс (пайдалы модель бірлігінің т а л а б ы) . " ;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "қорғау құжатын беру" деген сөздер "сараптама жүргізу" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Пайдалы модельге өтінімге сарапшылық ұйымның сараптама жүргізу қызметіне ақы төленгенін растайтын құжат қоса тіркеледі. Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Төлем туралы құжаттар тапсырылмаған жағдайда, өтінім берілмеген болып есептеледі.";

3-тармақта "Қазпатентке" деген сөз сарапшылық ұйымға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"пайдалы модельге қорғау құжатын беру" деген сөздер "сараптама жүргізу" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

4-тармақта "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3) 1 9 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Өнеркәсіп үлгісіне өтінім".

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

"1. Өнеркәсіп үлгісіне өтінім сарапшылық ұйымға беріледі. Өнеркәсіп үлгісіне өтінім бір өнеркәсіп үлгісіне немесе өзара байланыстылығы өнеркәсіп үлгісінің бірлігі талабын қанағаттандыратын өнеркәсіп үлгілері тобына қатысты болуға тиіс.";

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "қорғау құжатын беруге" деген сөздер "сараптама жүргізуге" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

Өнеркәсіп үлгісіне өтінімге сараптама жүргізу бойынша сарапшылық ұйымның қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат қоса тіркеледі. Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының 24 заңнамасына сәйкес белгіленеді. Төлем туралы құжаттар тапсырылмаған жағдайда, өтінім берілмеген болып есептеледі.";

3 - т а р м а қ т а :

"Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатын беру" деген сөздер "сараптама жүргізу" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақта "Қазпатент, деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4) 2 0 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"Қазпатентке" деген сөздер "сарапшылық ұйымға, деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөліктегі "көшірмесін" деген сөздің алдынан "куәландырылған" деген сөзбен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"Қазпатенттің" деген сөз "сарапшылық ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"болса" деген сөзден кейін ", және оны берген күні көрсетілген қосымша материалдар ұсынылған өтінім қайтарылып алынбаса және қайтарылып алынды деп саналмаса," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігінде:

"Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын; "көрсететін" деген сөзден кейін "оған дейін өтінімнің берілген күнге қайтарып алынбаған және қайтарып алынды деп саналмайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өнеркәсіптік меншік объектісінің белгіленген өтінім бойынша басымдығы осы өтініш берушінің оның мәнін ашатын сарапшылық ұйымға берілген бастапқы өтінімінің күні бойынша, ал бастапқы өтінім бойынша бұрынырақтағы басымдығын белгілеу құқығы болған жағдайда - оның басымдығы күнінен бастап белгіленеді, егер белгіленген өтінім шағым жасау мүмкіндігі таусылған бастапқы өтінім бойынша сарапшылық ұйым теріс тұжырым шығарғанға дейін берілсе, оның басымдық күні бойынша, ал аталған өтінім бойынша сарапшылық ұйым оң тұжырым шығарған жағдайда - уәкілеттік органға қорғау құжатын беруге өтінім берген күнге дейін белгіленеді. " ;

7 - т а р м а қ т а :

"қорғау құжаты" деген сөздер "басымдық" ауыстырылсын; деген сөзбен " дәлелденген" деген сөзден кейін "сол" толықтырылсын; деген сөзбен "Қазпатентке", " Казпатентте" деген сөздер тиісінше "сарапшылық ұйымға", "сарапшылық ұйымда" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өтінім берушінің қорғау құжатын алуға құқығын беру кезіндегі нұсқауына қатысты немесе өтінім берушінің атауының өзгеруі нәтижесіндегі өзгерістер, сондай-ақ өтінім құжаттарындағы көрінеу және техникалық қателерді түзету уәкілетті орган қорғау құжатын беру туралы шешім қабылдаған күнге дейін жасалуы мүмкін.";

1 6) 2 2 - б а п т а :

баптың түгел қазақ тіліндегі мәтіні бойынша "ресми сараптама" деген сөздер "формальды сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Ресімдеу талаптарын" деген сөздер "Құжаттарға қойылатын талаптарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігінде "дербес" деген сөз "бөліп алынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "алдын ала патент беру туралы шешім қабылданады." деген сөздер "алдын ала патентке сарапшылық ұйымның оң тұжырымы беріледі." деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алынып тасталсын;

6 - т а р м а қ т а :

"алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады." деген сөздер "сарапшылық ұйымның теріс тұжырымы беріледі." деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешім" деген сөздер "сарапшылық ұйымның теріс тұжырымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Алдын ала патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін өтінім берушінің немесе үшінші тұлғалардың өтініші бойынша, бірақ осы Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес алдын ала патенттің қолданылу мерзімін ұзартуға өтінім берілген күннен бастап бес жылдан кешіктірмей сарапшылық ұйым өтінімнің мәні бойынша сараптама жүргізеді. Мәні бойынша өтінімге сараптама техника деңгейін анықтау үшін өтінім жасалған өнертабысқа қатысты ақпараттық ізденіс жүргізуді, өтінім жасалған шешімнің осы Заңның 6-бабында белгіленген өнертабыс бірлігінің талаптарына және патентке қабілет жағдайына сәйкес келетінін тексеруді қамтиды және мәні бойынша өтінім сараптамасына ақы төленгенін растайтын құжат, сондай-ақ өтінім беруші өтініш жасаған болса, алдын ала патенттің қолданылуын күшінде сақтайтын ақы төленгенін растайтын құжат табыс етілген жағдайда жүзеге асырылады.";

" 8 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сарапшылық ұйымның сұрау салуы бойынша қосымша материалдар, сұрау салу немесе өтінуге қарама-қарсы материалдардың көшірмелері жіберілген күннен бастап өтінім беруші аталған көшірмелерді оған сараптаманың сұрау салуы жіберілген күннен бастап екі ай ішінде сұратқан жағдайда, өнертабыстың мәні өзгертілмей үш ай мерзімде ұсынылуы тиіс.";

9 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"патент беру туралы шешім қабылданады" деген сөздер "патентке сарапшылық ұйымның оң тұжырымы беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтінім берушімен келісілген" деген сөздердің алдынан "белгіленген басымдықты көрсете отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік алынып тасталсын ;

10 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады." деген сөздер "сарапшылық ұйымның теріс тұжырымы беріледі." деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөліктегі "патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады" деген сөздер "сарапшылық ұйымның теріс тұжырымы беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөліктегі "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"патент беруден бастарту туралы шешім" деген сөздер "сарапшылық ұйымның теріс тұжырымы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

11 - т а р м а қ т а :

"қатысты" деген сөзден кейін "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"жүргізбеуге құқылы" деген сөздер "жүргізбейді" деген сөзбен ауыстырылсын ;
соңғы сөйлем алынып тасталсын ;

12-тармақта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын ;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінімді қарау кезінде онда қамтылатын мәліметтер мемлекеттік құпияны құрайтыны анықталған жағдайда өтінім Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құпияландырылады." ;

17) 23 - б а п т а :

баптың түгел қазақ тіліндегі мәтіні бойынша "ресми сараптама" деген сөздер "формальды сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай өткен соң сарапшылық ұйым ол бойынша формальды сараптама жүргізеді. Өтінім берушінің жазбаша өтініші бойынша формальды сараптама көрсетілген мерзім өтпестен бұрын басталуы мүмкін. Бұл жағдайда өтінім беруші өтініш берген сәттен бастап, осы Заңның 21-бабының 1-тармағында көзделген құқығынан айырылады.

Формальды сараптама жүргізу барысында қажетті құжаттардың бар-жоғы және оларға қойылатын талаптардың орындалуы тексеріледі, өтінім берілген күн белгіленеді, өтінім жасалған ұсынысты пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігі анықталады, сондай-ақ пайдалы модельдің бірлігі тексеріледі.

Өтінім берілген пайдалы модельдің осы Заңның 7-бабының 1-тармағында белгіленген патент қабілеттілігі талаптарына сәйкестігін тексеру жүзеге асырылмайды. Патент өтінім берушінің тәуекелімен және жауапкершілігімен беріледі.";

2 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі "патент беру туралы шешім қабылданады" деген сөздер "патентке сарапшылық ұйымның оң тұжырымы беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданады" деген сөздер "сарапшылық ұйымның теріс тұжырымы беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданады" деген сөздер "сарапшылық ұйымның теріс тұжырымы беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

"Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"патент беруден бас тарту туралы шешім" деген сөздер "сарапшылық ұйымның теріс тұжырымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 8) 2 4 - б а п т а :

баптың түгел қазақ тіліндегі мәтіні бойынша "ресми сараптама" деген сөздер "формальды сараптама" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 9) 2 5 - б а п т а :

1-тармақта "Қазпатент" деген сөз "Сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өтінім беруші осы Заңның 16-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін уәкілетті орган оларды қарайды және қорғау құжатын беру туралы не беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қорғау құжатын беру салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж төленгеннен кейін және уәкілетті органға төлемді растайтын құжат ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады. Сарапшылық ұйым бір мезгілде қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды. Атына қорғау құжаты сұралған адам бірнешеу болған жағдайда оларға бір қорғау құжаты беріледі.";

3 және 4-тармақтарда "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 0) 2 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемде "Қазпатент" деген сөз "Сарапшылық ұйым" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші сөйлемде "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақта "Қазпатент" деген сөз "Сарапшылық ұйым" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақта "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ "материалдарымен" деген сөзден кейін "және сарапшылық ұйым әзірлеген ақпараттық үйлестіру туралы есеппен" деген сөздермен толықтырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

"Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;
"мәліметтер" деген сөздің алдынан ", сондай-ақ Мемлекеттік тізілімдегі жазбалардың кез келген өзгерістері туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

2 1) 2 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "шешім шыққанға" деген сөздер "сарапшылық ұйымның тұжырымы берілгенге" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алынып тасталсын;

22) 29-баптың 2-тармағында "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 3) 3 0 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т ы ң 1) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қорғау құжаты бір топ өнеркәсіптік меншік объектілеріне берілген болса, ал патент иеленушінің өтініші осы объектілер тобының бір бөлігіне ғана қатысты берілсе, қорғау құжатының күші тек өтініште көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектілеріне қатысты ғана тоқтатылады." деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "Қазпатент" деген сөз "Сарапшылық ұйым" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 4) 3 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"Қазпатент" деген сөздер "Сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

", дәлелді себептер болған жағдайда және" деген сөздер алынып тасталсын;

"патенттің қолданылуын қалпына келтіруге" деген сөздер "патенттің күшін сақтаған үшін барлық өткен жылдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінде "көлемін" деген сөздің алдынан "осындай пайдаланудың" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінде "көлемін" деген сөздің алдынан "осындай пайдаланудың" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 32-баптың 1-тармағында "Қазпатенттің", "Қазпатент" деген сөздер тиісінше " уәкілетті органның" "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 33-баптың 2-тармағында "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 35-бап алынып тасталсын;

28) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

1. Біліктілік деңгейі қойылатын талаптарға сай келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын оның азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл бола алады. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге қойылатын біліктілік талаптарын, оларды аттестаттау және тіркеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Уәкілетті органмен және сарапшылық ұйыммен іс жүргізуді өтініш беруші, патент иеленуші дербес немесе уәкілет орган тіркеген патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы жүзеге асыра алады.

3. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар уәкілетті органда және сарапшылық ұйымда өтініш берушінің, патент иеленушінің, сондай-ақ мүдделі тұлғаның құқықтарын патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасынан тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар өтініш берушінің, патент иеленушінің, сондай-ақ мүдделі тұлғаның құқықтарын Қазақстан Республикасының шегінде хат жазысу үшін мекен-жайын көрсетіп, патенттік сенім білдірілген өкілсіз жүзеге асыра алады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат құпия болып табылады, егер сенім білдіруші өзгені көрсетпесе немесе оның іс-қимылынан анық белгілі болмаса.

Патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша іс жүргізуге өтініш білдірген тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғаларға өкілдік етсе немесе оларға кеңес берсе, немесе оны қарауға өзгеше қатысса, сондай-ақ істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілмен туыстық қатынастардағы лауазымды тұлға қатысса, тапсырманы қабылдауға қ ұ қ ы л ы е м е с .

5. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі өтініш берушінің, құқық иесінің оған берген сенімхатымен куәландырылады.";

29) 37-бапта "Қазпатентке", "Қазпатент" деген сөздер тиісінше "сарапшылық ұйымға", "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің

атаулары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 776-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1) тармақшада "Қазпатенттің" деген сөз алынып тасталсын;

б) тармақша "тауар таңбасының" деген сөздің алдынан "тауар таңбасын немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

1 0) т а р м а қ ш а д а :

"бұл" деген сөз алынып тасталсын;

"танылған" деген сөзден кейін "тауар таңбасы ретінде пайдаланылып жүрген белгі немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

"жалпыға бірдей белгілі танылған" деген сөздер қазақша мәтінде өзгеріссіз қалады;

1 1) т а р м а қ ш а д а :

"азаматтар" деген сөз "Қазақстан Республикасының азаматтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган мен сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган және сарапшылық ұйым

1. Уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады, тауар таңбаларын тіркеуге, тауар шығарылған жерлердің атауларын пайдалану, сондай-ақ тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы құқығын беруге және тіркеуге өтінімдерді қабылдайды, куәліктерді және сертификаттарды береді, заңнамамен өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

2. Тауар таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына, сондай-ақ тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтінімдер бойынша сараптама жүргізуді, тауар таңбаларының, тауар шығарылған жерлердің атауларының, жалпыға бірдей белгілі тауар таңбаларының Мемлекеттік тізілімдерін жүргізуді және тауар таңбалары, тауар шығарылған жерлердің атаулары, жалпыға бірдей белгілі тауар таңбалары туралы мәліметтерді жариялауды уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сарапшылық ұйым (бұдан әрі - сарапшылық ұйым) осы Заң шеңберінде жүзеге асырады."

3) 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"атап айтқанда" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшаның қазақша мәтініндегі "тауар таңбаларын тіркеуге жол берілмейді" деген сөздер алынып тасталып, мынадай мазмұндағы 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) белгілеу үшін пайдаланылатын тауарлармен немесе қызметтермен тікелей сипаттық және (немесе) ұқсастық байланысы бар;

7) сызықтарды, нүктелерді, қарапайым геометриялық нысандарды, сондай-ақ олардың біртұтас графикалық композицияны құрмайтын және әрбір жеке құрамдық элементтен басқа сапалы жаңа қабылдау деңгейін бермейтін үйлесімін көрсететін;

8) сөздік сипаты жоқ қалыпты қаріппен орындалған және тілдің (әріптердің және (немесе) сандардың, белгілердің) кемінде үш жеке бірліктерінен құрылған жеке сандардың, белгілердің немесе әріптердің үйлесімін көрсететін;

9) нысаны оның функционалдық міндетіне ғана негізделген үш өлшемді объектіні көрсететін ;

10) жарнамалық сипатта болатын;

11) егер сөздердің әрбір жеке құрамды бөлігінің айырмашылық қабілеті болмаса, ал бірге олар сапасы өзге қабылдау деңгейін бермесе күрделі құрамды жасанды құрылған сөздер ;

12) ұйымдардың, экономика салаларының жалпыға бірдей қабылданған қысқартылған атаулары мен олардың аббревиатуралары;

13) патенттелмейтін дәрілік құралдар болып саналатын тауар таңбаларын тіркеуге жол берілмейді . " ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігі "атауларын," деген сөзден кейін "және олардың елтаңбаларын, тулары мен эмблемаларын" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер белгі солардан ғана құрылған болмаса және егер оларды пайдалануға тиісті құзыретті органның немесе олардың иесінің келісімі бар болса, мұндай белгілер қорғалмайтын элементтер ретінде пайдалануы мүмкін.";

4) 7 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасында "Қазпатентке" деген сөз алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Өтінім берілген күні Қазақстан Республикасында белгілі әдебиет, ғылым және өнер туындыларының атаулары, авторлық құқықтарын бұзушылықпен белгілі өнер туындылары мен олардың фрагменттері, егер осындай құқықтар Қазақстан Республикасының, заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелетін тауар белгісіне басымдық берілген күннен бұрын тіркеуден өтсе;"

5) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"Тауар таңбасын тіркеуге" деген сөздер "Тауар таңбасына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"Ұжымдық тауар таңбасын тіркеуге" деген сөздер "Ұжымдық тауар таңбасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9 - б а п т а :

тақырыпта "Тауар таңбасына тіркеуге" деген сөздер "Тауар таңбасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өтінім берушіні (өтінім берушілерді), сондай-ақ оның (олардың) тұрғылықты жері немесе мекен-жайы көрсетіліп белгіге сараптама жүргізу туралы өтінішті;"

3) тармақшада "тауар таңбасын тіркеу үшін өтініш жасалып отырған" деген сөздер алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "өтінім беру" деген сөздер "сараптама жүргізу жөніндегі сарапшылық ұйымның қызметтерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді;"

3-тармақтың қазақша мәтінінде 2) тармақшада "қоса тіркелуге тиіс" деген сөздер алынып тасталып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын;

"3) ұжымдық тауар таңбасын өз атына тіркеуге уәкілетті ұйымның атауын, бұл таңбаны тіркеу мақсатын, осы таңбаны пайдалануға құқылы субъектілер тізбесін, ұжымдық тауар таңбасымен белгіленетін тауарлар мен қызметтердің тізбесі мен бірыңғай сапасын немесе өзге де сипаттамаларын, оны пайдалану шарттарын, оны пайдалануды бақылау тәртібін, ұжымдық тауар таңбасының жарғысын бұзғаны үшін жауапкершілікті қамтитын ұжымдық тауар таңбасының жарғысы (ұжымдық тауар таңбасына өтінім берілген жағдайда) қоса тіркелуге тиіс;"

5-тармақта "Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

", ал егер аталған құжаттар бір мезгілде ұсынылмаса - соңғы ұсынылған құжаттар келіп түскен күні бойынша." деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1 0 - б а п т а :

1-тармақта "Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемде "бірінші өтінім" деген сөздер "бірінші өтінім (өтінімдер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"егер өтінім Қазпатентке аталған күннен бастап алты ай ішінде түссе" деген сөздер "егер сарапшылық ұйымға өтінім беру аталған күннен бастап алты ай ішінде жүзеге асырылса" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "егер өтінім Қазпатентке көрсетілген уақыттан бастап алты ай ішінде түссе" деген сөздер "егер сарапшылық ұйымға тауар таңбасына өтінім беру жүзеге асырылса" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"өтінім Қазпатентке түскен күннен бастап" деген сөздер "өтінімді сарапшылық ұйымға берген күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бөлектелген өтінімдер бойынша басымдық сол өтінім берушінің алғашқы өтінімінің басымдық күні бойынша, ал алғашқы өтінім бойынша неғұрлым ертерек басымдық белгілеу құқығы бар болған кезде, егер бөлінген өтінім берілген күні алғашқы өтінім қайтарылып алынбаса және қайтарылып алынған болып саналмаса әрі бөлінген өтінімді беру алғашқы өтінім бойынша шешім қабылдағанға дейін жүзеге асырылса - осы басымдық күні бойынша белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Түрлі тауарларға қатысты тауар таңбасының көптік бас өтінім берушінің өтініші бойынша әртүрлі тауарларға қатысты бір белгіге берілген оның бірнеше өтінімі болғанда анықталуы мүмкін.";

8) 1 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада "өтінім түскен күннен бастап" деген сөздер "өтінім берген күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 1 2 - б а п т а :

2, 3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Толық сараптама нәтижелері бойынша сарапшылық ұйым оң немесе теріс тұжырым береді.

3. Сараптама шешімімен келіспеген жағдайда өтінім беруші өзіне сараптама шешімі жіберілген күннен бастап оған үш ай ішінде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Қарсылық келіп түскен күннен бастап төрт ай ішінде оны апелляциялық кеңес қарауға т и і с .

4. Сараптама жүргізілгеннен кейін өтінім беруші уәкілетті органға тауар таңбасын тіркеу туралы өтінім береді. Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сарапшылық ұйымның оң тұжырымдамасы;

2) тауар таңбасына өтінімнің көшірмесі;

3) іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілетін жағдайда - сенімхат.

Өтініш беруші осы баптың 4-тармағында көрсеткен құжаттарды ұсынғаннан кейін уәкілетті орган оларды қарайды және тауар таңбасын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Заңға сәйкес тіркелген тауар таңбасына уәкілетті орган белгіленген үлгідегі куәлік береді.

Куәлікті беру салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж төленіп растайтын құжат көрсетілгеннен кейін жүзеге асырылады.";

10) 13-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын;

"3-1) алғашқы өтінімде көрсетілген тауарлар мен қызметтерді бөлектелген өтінімдер арасында бөле отырып өтінімді бөлектеу туралы оны қараудың кез келген кезеңінде сараптама аяқталғанға дейін өтініш білдіруге;"

11) 14 - бапта :

1 - тармақ алынып тасталсын;

2 - тармақта :

бірінші абзац "Тауар таңбаларының" деген сөздердің алдынан "Тауар таңбасына куәлік берілгеннен кейін сарапшылық ұйым" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада "Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7) тармақша "тауар таңбасына деген сөздердің алдынан "қорғалатын тауар таңбасына құқықты беру туралы мәліметтерді қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын ;

3-тармақта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4 - тармақта :

"Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Тауар таңбасының иесі" деген сөздерден кейін " : заңды тұлғалар үшін - атауының, ұйымдық-құқықтық нысанының және орналасу жерінің, ал жеке тұлғалар үшін - тегінің, атының, әкесінің атының, тұратын жерінің өзгеруі туралы мәліметтерді қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген өзгерістерді, сондай-ақ техникалық сипаттағы қателерді түзету үшін өзгерістерді сарапшылық ұйым Мемлекеттік тізілімге, ал уәкілетті орган Тауар таңбасына берілген куәлікке енгізеді.";

12) 16 - бапта :

"Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тізілімге және ұжымдық тауар таңбасына берілген куәлікке ұжымдық тауар таңбасын пайдалану құқығы бар ұйымдар туралы мәліметтер қосымша енгізіледі.

"

;

13) 18 - бапта :

1 - тармақ алынып тасталсын;

3-тармақта "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану

1. Заңды немесе жеке тұлғаның өтінімі бойынша Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттармен қорғалатын тауар таңбасы, сондай-ақ тауар таңбасы ретінде Қазақстан Республикасында құқықтық қорғаусыз, бірақ белсенді пайдаланылу нәтижесінде Қазақстан Республикасында тиісті халық топтары арасында кеңінен танымал болған белгі Қазақстан Республикасы.

2. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне тауар таңбасы үшін осы Заңмен көзделген құқықтық қорғау беріледі.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген белгіні немесе тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану негізінде оның иесіне тауар таңбасы жалпыға бірдей белгілі деп танылған күннен бастап он жыл бойы қолданылатын сертификат беріледі.

Сертификаттың қолданылу мерзімі оның иесінің өтініші бойынша және тауар таңбасының жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтерді беру бойынша келесі он жылдық мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасын тіркеу туралы, оның иесі туралы мәліметтер және осындай тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер жалпыға бірдей белгілі тауар таңбаларының Мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетенде жарияланады.

Сертификатты беру туралы шешім қабылданған кезде тиісінше осы Заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген ережелер қолданылады.";

15) 19 - бапта :

4 - тармақта :

бірінші бөлікте "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөлігінде "қолданылуы" деген сөз "тауар таңбасы иесінің немесе осы Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес тауар таңбасына құқық беру туралы шарттың негізінде осындай құқық берілген тұлғаның қолдануы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауар таңбасының иесі ұсынатын тауар таңбасын пайдаланудың дәлелдемесі қарсылықта көрсетілген уақыт мерзіміне жатуға тиіс.";

5-тармақта "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасымен араласып кеткен деңгейге дейін

бірдей немесе ұқсас және тауар таңбасы жалпыға бірдей белгілі деп танылғанға дейін тіркелген тауар таңбаларының иелері уәкілетті орган белгілеген, бірақ кемінде жеті жыл мерзім ішінде оларды әрі қарай пайдалану құқығын сақтайды.";

16) 21-баптың 1 және 3-тармақтарында "Қазпатентте" деген сөздер "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 22-баптың бірінші бөлігінде "беріледі" деген сөздер "ауысады" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 23-баптың 2-тармағында "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 24-баптың 3-тармағында "Қазпатент" "Сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 28 - бапта :

"жер атауын тіркеуге" деген сөздер "жер атауына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 29 - бапта :

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өтінім берушіні (өтінім берушілерді), сондай-ақ оның (олардың) тұрғылықты жері немесе мекен-жайы көрсетілген, атаудың сараптамасын жүргізу және (немесе) атауға құқық беру туралы өтініші;"

3-тармақтың 1) тармақшасында "өтінім беру" деген сөздер "сараптама жүргізу жөніндегі сарапшылық ұйым қызметтерінің" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді;"

22) 30 - бапта :

1-тармақта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Сараптама нәтижелері бойынша шешімдер

1. Алдын ала сараптама нәтижелері бойынша өтінім берушіге өтінімнің қарауға қабылданғаны, оған тиісті нөмір берілгені, берілген күні және басымдық күні белгіленген өтінімді қарауға қабылдау не қарауға қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді қорытынды түрінде хабарланады.

2. Толық сараптама нәтижелері бойынша сарапшылық ұйым оң немесе теріс тұжырым береді.

3. Сараптама шешімімен келіспеген жағдайда өтінім беруші сараптама шешімі жіберілген күннен бастап үш ай ішінде уәкілетті органға қарсылық бере алады.

Қарсылық келіп түскен күннен бастап төрт ай мерзімде оны апелляциялық кеңес қарауға тиіс.

4. Сараптама жүргізілгеннен кейін өтінім беруші уәкілетті органға тауар шығарылған жер атауын тіркеу және/немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беру туралы өтінім береді.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сарапшылық ұйымның оң тұжырымдамасы;

2) өтінімнің көшірмесі;

3) іс өкіл арқылы жүргізілетін жағдайда - сенімхат.

5. Өтініш беруші осы баптың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды бергеннен кейін уәкілетті орган оларды қарайды және тауар шығарылған жер атауын тіркеу және/немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беру туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Заңға сәйкес тіркелген тауар таңбасына уәкілетті орган белгіленген үлгідегі куәлік береді.

Куәлікті беру салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж төленгеннен кейін және уәкілетті органға төлемді растайтын құжат ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.;

24) 33 - бапта:

1-тармақ алынып тасталсын;

2-тармақ "Тауар шығарылған" деген сөздердің алдынан "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына куәлік берілгеннен кейін сарапшылық ұйым" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "Қазпатентке", "Қазпатент" деген сөздер тиісінше "сарапшылық ұйымға", "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімі жалпыға бірдей қолы жетерліктей болып табылады. Мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сарапшылық ұйым Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен көшірмесін ұсынады. ";

25) 34-баптың 2-тармағында "Қазпатентке" деген сөз "сарапшылық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 35-бапта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 36 - бапта:

1-тармақ алынып тасталсын;

3-тармақта "Қазпатент" деген сөз "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 39-баптың 2-тармағында "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 40 - бапта :

2-тармақтың 3) тармақшасында "Қазпатентке" деген сөз "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 41-баптың 1-тармағында "Қазпатенттің", "Қазпатент" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 42 - бапта :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудың заңдылығы туралы;"

2-тармақта "Қазпатент" деген сөз "Сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 43 - бапта :

1 - тармақта :

"қатысты" деген сөзден кейін ", ал жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасы болғанда - кез келген тауарлар мен қызметтерге қатысты." деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану әлемдік компьютерлік Интернет желісінде рұқсатсыз пайдалану, тауар таңбасы иесінің құқығын немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзу болып танылады." ;

33) 45-бап алынып тасталсын;

34) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"46-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

1. Біліктілік деңгейі қойылатын талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын оның азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл бола алады. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге қойылатын біліктілік талаптарды, оларды аттестаттау және тіркеу тәртібін белгілейді.

2. Өтініш беруші, патент иеленуші уәкілетті органмен және сарапшылық ұйыммен іс жүргізуді дербес немесе уәкілетті органда тіркелген патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы жүзеге асыра алады.

3. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар уәкілетті органда және оның ұйымдарында өтініш берушінің, тауар таңбасы мен тауар шыққан жердің атауының иесінің құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлғаның құқықтарын патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар өздерінің өтініш берушінің, тауар таңбасы мен тауар шыққан жер атауы иесінің құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлғаның құқықтарын Қазақстан

Республикасы шегінде хат жазысу үшін мекен-жайын көрсете отырып, патенттік сенім білдірілген өкілсіз жүзеге асыра алады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат, егер сенім білдіруші өзгені көрсетпесе немесе оның іс-қимылынан анық белгілі болмаса, құпия болып танылады.

Патенттік сенім білдірілген өкіл, егер осы іс бойынша мүдделері іс жүргізуге өтініш білдірген тұлғаның мүдделеріне қайшы келетіні анық тұлғаларға өкілдік етсе немесе оларға кеңес берсе, немесе оны қарауға өзге де жолмен қатысса, сондай-ақ істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілмен туыстық қатынастардағы лауазымды адам қатысса, тапсырманы қабылдауға құқығы жоқ.

5. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.";

35) 47-баптың екінші бөлігінде "Қазпатент" деген сөз "сарапшылық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

5. "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 181-құжат):

1) - бапта :

1) тармақшада "уәкілетті органның" деген сөздер "интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау мәселелері бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшада "азаматтар" деген сөз "Қазақстан Республикасының азаматтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 1) тармақшасында "олар жөнінде сараптама жүргізеді" деген сөздер ", оларды қарайды және топологияларды тіркеуді жүзеге асырады;" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 11 - бапта :

3-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

4 - тармақта :

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Куәлікті беру салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж төленгеннен және уәкілетті органға төлемді растайтын құжат ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Құқық иеленуші болып табылмайтын топология авторына уәкілетті орган оның авторлығын растайтын ресми куәлік береді.";

6 - тармақ алынып тасталсын .

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК